

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
KeAҚ «Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
НАО «ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА»

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
NJSC «L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY»



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН  
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫ:  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ,  
«НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:  
ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ»  
ПОСВЯЩЕННАЯ ДНЮ НАЦИОНАЛЬНОЙ ВАЛЮТЫ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE,  
«NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN:  
ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES»  
DEDICATED TO THE DAY OF THE NATIONAL CURRENCY  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



13 ҚАРАША, 2024 АСТАНА

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА**

**MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ  
ВАЛЮТАСЫ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЖӘНЕ  
ҚАРЖЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»**

**Қазақстан Республиканың ұлттық валюта күніне арналған  
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ**

**13 қараша 2024 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

**Международной научно-практической конференции,  
«НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:  
ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ»  
посвященной дню Национальной валюты Республики Казахстан  
13 ноября 2024 год**

**COLLECTION OF MATERIALS**

**International scientific and practical conference,  
«NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN:  
ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES»  
dedicated to the Day of the National Currency of the Republic of Kazakhstan  
November 13, 2024**

**ASTANA, 2024**

**УДК 336.743 (574)**  
**ББК 65262.6 (5Қаз)**  
**Ж 14**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы = Международная научно-практическая конференция «Национальная валюта Республики Казахстан: экономический рост и финансовые технологии» = International scientific and practical conference «National currency of the Republic of Kazakhstan: economic growth and financial technologies» - Астана: – 688 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

**ISBN 978-601-7697-82-2**

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы күніне арналған "Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары" тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағында жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттер өткізген өзекті және проблемалық мәселелер бойынша авторлық зерттеулердің нәтижелері ұсынылған. Басылым студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сондай-ақ қазіргі ғылымның өзекті мәселелерімен айналысатын оқырмандардың кең ауқымына арналған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции, посвященный дню национальной валюты Республики Казахстан на тему «НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ» представлены результаты авторских исследований по актуальным и проблемным вопросам, проведенных молодыми учеными, докторантами, магистрантами и студентами. Издание предназначено для студентов, магистрантов, докторантов, а также для широкого круга читателей, занимающихся актуальными проблемами современной науки.

The collection of materials from the international scientific and practical conference dedicated to the Day of the National Currency of the Republic of Kazakhstan on the topic "NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES" presents the results of the author's research on current and problematic issues conducted by young scientists, doctoral students, master's students and students. The publication is intended for students, master's students, doctoral students, as well as for a wide range of readers involved in current issues of modern science.

**УДК 336.743 (574)**  
**ББК 65262.6 (5Қаз)**

**ISBN978-601-7697-82-2**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

**УДК 336.743 (574)**  
**ББК 65262.6 (5Қаз)**  
**Ж 14**

**Рецензенттер:**

Алина Г.Б. - ҚР БҒМ БҒСБК қауымдастырылған профессоры, Esil University мекемесінің «Бизнес және басқару» факультетінің деканы

Мажитов Д.М. – экономика ғылымдарының кандидаты, «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ профессоры

**Редакциялық алқа:**

Жағыпарова А.О. – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультетінің деканы, Астана қ.

Мақыш С.Б. – экономка ғылымның докторы, профессор, Esil университетінің бірінші проректоры – академиялық мәселелер жөніндегі проректор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ диссертациялық кеңесінің төрағасы, Астана қ.

Бұлақбай Ж.М. – экономика ғылымдарының кандидаты., доцент, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі, Астана қ.

Майдырова А.Б. – экономка ғылымның докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының меңгерушісі, Астана қ

Сембиева Л.М. – экономка ғылымның докторы, профессор, ЕҰУ «Мемлекеттік аудит» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Аманова Г.Д. - экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Есеп және талдау» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Муталиева Л.М. – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Мухияева Д.М. –Phd докторы қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Менеджмент» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

**ISBN 978-601-7697-82-2**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. – Астана: "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2024. – 699

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Национальная валюта Республики Казахстан: экономический рост и финансовые технологии» . – Астана: НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2024. – 699

Works of the International scientific and practical conference «National currency of the Republic of Kazakhstan: economic growth and financial technologies» . – Astana: NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2024. – 699

**ISBN 978-601-7697-82-2**

**УДК 336.743 (574)**  
**ББК 65262.6 (5Қаз)**

© "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2024  
© НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2024  
© NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2024

Мемлекеттік аудит бюджеттік қаражаттардың, активтердің тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету арқылы қаржылық тұрақтылықты сақтауға көмектеседі. 2023 жылғы РБ ШӨЕ деректері мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстары арасындағы дисбалансты, атап айтқанда, тапшылықтың өсуін, кірістердің әлеуметтік емес операцияларға жоғары тәуелділігін, міндеттемелердің артуын және шығындардың қарқынды өсуін көрсетеді. Зерттеу барысында анықталған мәселелер республикалық бюджеттің тиімділігі мен тұрақтылығына қауіп төндіреді. Атап айтқанда, 2023 жылғы бюджет тапшылығы 2 697 820,1 млн, теңгеге жетті, бұл қаржылық басқарудың жүйелі мәселелерін көрсетеді. Міндеттемелердің 19,3%-ға өсуі және ұзақ мерзімді міндеттемелердің 74 64%-ын құрауы қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету қажеттілігін айқын білдіреді. Сонымен қатар, ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың 60,42%-ға жетуі, бірақ олардың тиімділігі мен мақсаттылығының анықталмауы, инвестициялық стратегияның әлсіздігін көрсетеді. Жоғары келтірілген ұсыныстарды жүзеге асыру республикалық бюджеттің қаржылық тұрақтылығы және тиімділігін арттыруға ықпал етеді деп ойлаймыз. Бұл мемлекет қаражатының тиімді, дұрыс және мақсатқа сай жұмсалуды қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадамдар болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V ҚРЗ / [Электрондық ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>
2. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Аудит Палатасы, «Республикалық бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне мемлекеттік аудит жүргізу», Аудиторлық қорытынды, Астана қ. 2024 жыл.
3. Алибекова Б.А. Мемлекеттік аудит (ілгерілетілген) : оқу құралы / Б.А. Алибекова; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. - Нұр-Сұлтан : Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. - 286, [2] б. : сур., кесте. - Библиогр.: б. 277-287. - ISBN 978-601-337-655-4. - Текст : непосредственный.
4. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті актару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылы 6 желтоқсандағы № 640 бұйрығы / [Электрондық ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014624>
5. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Кодексі / [Электрондық ресурс] URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K080000095>

**ӘОЖ 657.6, 34.05**

## **ШЫҒЫС АЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУДАҒЫ ТИІМДІЛІК АУДИТІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ**

**Жасұланова А. Б.**

«Мемлекеттік аудит» білім беру бағдарламасының магистранты,  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,  
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы  
e-mail: [ainat.zhassulanova@mail.ru](mailto:ainat.zhassulanova@mail.ru)

**Ракаева Алия Наурызбаевна, к.э.н., доцент**

**Аңдатпа.** Тиімділік аудиті мемлекеттік шығыстардың ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз етуде, сондай-ақ бюджет қаражатын басқару сапасын арттыруда шешуші рөл атқарады. Мақалада Шығыс Азия елдеріндегі, оның ішінде Қытай, Жапония, Оңтүстік

Кореяны сынды елдердің қаржылық бақылауындағы тиімділік аудитін жүргізудің құқықтық ерекшеліктері қарастырылады. Әр елдегі тиімділік аудитінің тәжірибесін анықтайтын негізгі заңнамалық және нормативтік актілер зерттеледі.

Халықаралық стандарттардың Ұлттық аудит жүйелеріне әсеріне ерекше назар аударылады, сондай-ақ тиімділік аудитін іске асыру кезінде осы мемлекеттердің алдында тұрған мәселелер мен сын-қатерлер талданады. Экономикалық жағдай, сыбайлас жемқорлық деңгейі және азаматтық қоғамның қатысу дәрежесі сияқты аудиттің дамуына әсер ететін факторлар қарастырылады. Бұл зерттеудің нәтижесі Шығыс Азия елдеріндегі тиімділік аудитін құқықтық реттеудің кешенді шолуы болып табылады.

**Кілт сөздер:** тиімділік аудиті, мемлекеттік қаржылық бақылау, құқықтық реттеу, аудиторлық тәжірибелер, тұрақты даму, бюджетті басқару.

**Аннотация:** Аудит эффективности играет ключевую роль в обеспечении прозрачности и подотчетности государственных расходов, а также в повышении качества управления бюджетными средствами. В статье рассматриваются правовые особенности проведения аудита эффективности, находящегося под финансовым контролем стран Восточной Азии, в том числе Китая, Японии, Южной Кореи. Изучаются основные законодательные и нормативные акты, определяющие практику аудита эффективности в каждой стране.

Особое внимание уделяется влиянию международных стандартов на национальные системы аудита, а также анализируются проблемы и вызовы, стоящие перед этими государствами при реализации аудита эффективности. Рассматриваются факторы, влияющие на развитие аудита, такие как экономическая ситуация, уровень коррупции и степень участия гражданского общества. Результатом данного исследования является комплексный обзор правового регулирования аудита эффективности в странах Восточной Азии.

**Ключевые слова:** аудит эффективности, государственный финансовый контроль, правовое регулирование, аудиторская практика, устойчивое развитие, управление бюджетом.

**Annotation.** Performance audit plays a key role in ensuring transparency and accountability of public expenditures, as well as in improving the quality of budget management. The article discusses the legal features of conducting performance audits in the countries of East Asia, including financial control of countries such as China, Japan, and South Korea. The main legislative and regulatory acts that determine the practice of performance audit in each country are studied.

Particular attention is paid to the impact of international standards on national audit systems, as well as the problems and challenges facing these states in the implementation of efficiency audits are analyzed. Factors influencing the development of the audit are considered, such as the economic situation, the level of corruption and the degree of participation of civil society. The result of this study is a comprehensive review of the legal regulation of performance audit in East Asian countries.

**Keywords:** performance audit, state financial control, Legal Regulation, audit practices, sustainable development, budget management.

Мемлекеттік қаржылық бақылаудағы тиімділік аудиті бюджет қаражатын пайдалануда ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ететін маңызды құрал болып табылады. Экономикалары қарқынды дамып келе жатқан және әртүрлі саяси жүйелері бар Шығыс Азия елдерінде тиімділік аудиті ерекше маңызға ие. Бұл мемлекеттік бағдарламалар мен жобалардың нәтижелілігін бағалауға мүмкіндік беріп қана қоймай, ресурстарды басқарудағы кемшіліктерді анықтауға және шығындарды оңтайландыруға ықпал етеді.

Жаһандану және халықаралық стандарттардың интеграциясы жағдайында Шығыс Азия елдерінің әрқайсысы тиімділік аудитіне өз көзқарастарын бейімдейді, бұл салыстырмалы талдау үшін қызықты мүмкіндіктер жасайды. Осы елдердегі тиімділік аудитін құқықтық реттеудің салыстырмалы талдау мемлекеттік қаржылық бақылау тәжірибесіне әсер ететін жалпы тенденцияларды да, ерекшеліктерді де анықтауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, әртүрлі құқықтық жүйелер, сыбайлас жемқорлық деңгейі, экономикалық даму және мәдени

факторлар аудиторлық рәсімдерді іске асыруға қалай әсер ететінін қарастыру маңызды.

Бұл салыстырмалы талдау осы елдердегі тиімділік аудитін құқықтық реттеудің негізгі ерекшеліктерін анықтауға, сондай-ақ мемлекеттік қаржылық бақылауға көзқарастардың жалпы белгілері мен айырмашылықтарын анықтауға бағытталған. Зерттеу нәтижесінде Шығыс Азиядағы мемлекеттік қаржылық бақылау жүйелерін жетілдіру жөніндегі қолданыстағы тәжірибелер мен ұсыныстарға кешенді шолу ұсынылатын болады.

Тиімділік аудиті мемлекеттік қаржыны басқару процесін де, бюджет қаражатын тікелей пайдалануды да объективті және жүйелі бағалау болып табылады. Оны жүргізу кезінде бюджет қаражатын белгілі бір мақсаттарға бағыттаудың үнемділігі, нәтижелілігі және сыртқы әсері айқындалады. Тиімділік аудиті бақылау және сараптамалық-аналитикалық іс-шараларды өткізудің ең көп уақытты қажет ететін түрі болып саналады және 18 айға дейін созылуы мүмкін. Бұл оны ұйымдастыру мен өткізу процесінің күрделілігіне байланысты. Осыған байланысты тексеру басқармасы неғұрлым маңызды және өзекті бағыттарды айқындау үшін тәуекелге бағдарланған тәсілді пайдалана отырып, бақылау объектілері мен объектілерін Мұқият іріктеуді жүргізеді. Әдетте, тиімділік аудиті мемлекеттік корпорацияларға қолданылады.

Қытай, Жапония және Оңтүстік Корея сияқты Шығыс Азия елдерінде тиімділік аудитін құқықтық реттеу тарихи, мәдени және экономикалық факторларға байланысты өзіндік ерекшеліктерге ие. Мысалы, Қытайда аудит сапасын жақсартуға және оның ашықтығын арттыруға мүмкіндік беретін заманауи технологиялар мен әдістерді енгізуге баса назар аударылады. Жапония өзінің жоғары басқару стандарттарымен заңдылық пен тиімділікке назар аударады, бұл оның сапалы басқаруға деген ұмтылысын көрсетеді. Оңтүстік Корея өзінің ішкі бақылау және тәуелсіз аудит жүйесімен ерекшеленеді, бұл нормалар мен стандарттарды қатаң сақтауға ықпал етеді.

Кесте-1. Шығыс Азия елдеріндегі тиімділік аудитінің құқықтық шеңбері

Ерекшелік	Қытай	Жапония	Корея Республикасы
<b>Құқықтық база</b>	Аудит Туралы Заң (1994, 2016 жылы өзгертілген)	Мемлекеттік Аудит Туралы Заң (2006)	Салықтар туралы Ұлттық негіздемелік Заң (2005)
<b>Жауапты аудиторлық орган</b>	Қытай Халық Республикасының мемлекеттік Аудит Басқармасы	Аудит жөніндегі басқарма	Аудит және Инспекция басқармасы
<b>Негізгі фокус</b>	Мемлекеттік қаражатты пайдалану тиімділігі, нәтижелілігі және әсерлілігі	Мемлекеттік операциялардың талаптарға сәйкестігі, тиімділігі және үнемділігі	Мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен нәтижелілігі
<b>Аудит көлемі</b>	Орталық және жергілікті өзін-өзі басқару органдары, Мемлекеттік Кәсіпорындар	Ұлттық үкімет, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және мемлекеттік корпорациялар	Орталық және жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекеттік мекемелер
<b>Аудит түрлері</b>	Қаржылық, сәйкестік және тиімділік аудиттері	Операциялық тиімділікке бағытталған тиімділік аудиті	Тиімділік аудиті, сәйкестік аудиті және қаржылық аудит
<b>Есеп беру</b>	Бүкілқытайлық Халық Өкілдері Жиналысына ұсынылған баяндамалар	Премьер-министрге және Парламентке ұсынылған есептер	Ұлттық Жиналысқа ұсынылған баяндамалар

<b>Көпшілікке жария ету</b>	Қорытындылардың қысқаша мазмұны жарияланады	Есептер ұсынылғаннан кейін жарияланады	Аудит нәтижелері көпшілікке жария етіледі
<b>Құқық қолдану тетіктері</b>	Түзету әрекеттері бойынша ұсынымдар; орындамағаны үшін айыппұлдар	Жақсарту бойынша ұсыныстар; тікелей айыппұлдар жоқ	Жақсарту бойынша ұсыныстар; тәртіптік жазалар қолданылуы мүмкін
<b>Халықаралық стандарттар</b>	INTOSAI және ISSAI стандарттарына сәйкестікті арттыру	INTOSAI нұсқауларын қабылдайды	INTOSAI стандарттарына сәйкес келеді
<b>Оқыту және дамыту</b>	Аудиторлар үшін үздіксіз кәсіби дайындық	Үздіксіз білім беру және оқыту бағдарламалары	Аудиторларды үнемі оқыту және сертификаттау

Ескерту – [1,2,3] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған

Ендігі кезекте, осы аталған елдердің қаржылық бақылауындағы тиімділік аудитін құқықтық реттеу ерекшеліктеріне жеке тоқталып өтсек.

Қытайдағы аудитті құқықтық реттеудің терең тарихи тамыры бар. 1951 жылдан бастап ҚХР Қаржы Министрлігі Бухгалтерлік есеп және есеп беру мәселелерімен айналысады, бұл осы саладағы мемлекеттік бақылаудың маңыздылығын көрсетеді. Бухгалтерлік есепті реттейтін негізгі құжат-1985 жылы қабылданған және 1993 жылы өзгертілген ҚХР-ның "Бухгалтерлік есеп туралы" Заңы. Бұл заң есеп беру ережелерін салық актілеріне міндетті түрде енгізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есепті құқықтық реттеуге негіз береді.

Аудиторлық мекемелер бюджеттік немесе қаржылық кірістер мен шығыстардың түпнұсқалығын, заңдылығын және қайырымдылығын бақылауды жүзеге асыруға міндетті. Бұл олардың жұмысындағы объективтілік пен реализмді, сондай-ақ аудиторларды сыртқы қысымнан қорғауды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік кеңес құрған ұлттық аудит басқармасы мемлекеттік кеңес Премьерінің басшылығымен бүкіл ел бойынша аудиторлық жұмысты бақылауды жүзеге асырады. Провинциялар мен басқа да әкімшілік бірліктер деңгейіндегі аудиторлық мекемелер өз аудандарындағы аудиторлардың жұмысын жергілікті билік пен жоғары аудиторлық мекемелердің басшылығымен бақылайды. Бұл барлық деңгейлерде аудит жүргізуде үйлестіру мен біркелкілікті қамтамасыз етеді [2].

Жапонияда мемлекеттік қаржылық бақылаудың тиімділігі аудитін құқықтық реттеу Есеп палатасының функциялары мен өкілеттіктерін анықтайтын заңдар мен ережелер жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Бұл орган мемлекеттік қаражаттың пайдаланылуын тексеруге және мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауға жауап береді. Есеп палатасының қызметін реттейтін негізгі құжат-аудит және есеп беру стандарттарын белгілейтін Есеп палатасы туралы Заң.

Жапониядағы тиімділік аудиті тек қаржылық тексеруді ғана емес, сонымен қатар бюджет қаражатын жұмсаудың тиімділігі мен орындылығын бағалауды да қамтиды. Бұл жақсартуды қажет ететін аймақтарды анықтауға және ресурстарды пайдалануды оңтайландыруға мүмкіндік береді. Жапон жағдайларына бейімделген халықаралық аудит стандарттарын қолдану маңызды элемент болып табылады, бұл аудиторлық рәсімдердің сапасы мен ашықтығын арттыруға ықпал етеді.

Аудит процесінде заманауи технологиялар шешуші рөл атқарады. Жапонияда қаржылық бақылауды басқаруды жақсартуға және ашықтықты арттыруға бағытталған "BEGIN" бағдарламасы сияқты Ақпараттық жүйелер белсенді түрде енгізілуде. Бұл технологиялар деректерді тиімдірек жинауға және талдауға мүмкіндік береді, бұл мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Қолданыстағы жетістіктерге қарамастан, Жапониядағы мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесі бірқатар қиындықтарға тап болады. Бұл басқару тиімділігін арттыру және тез өзгеретін



жағдайларға бейімделу қажеттілігін қамтиды. Экономикалық өзгерістер мен әлеуметтік қажеттіліктер сияқты сыртқы факторлардың аудит және қаржылық бақылау процесіне әсерін ескеру маңызды.

Осылайша, Жапониядағы мемлекеттік қаржылық бақылау тиімділігінің аудитін құқықтық реттеу нақты құқықтық негіздерді, заманауи әдіснамаларды және технологияларды белсенді пайдалануды қамтитын күрделі және көп қырлы процесс болып табылады. Бұл мемлекеттік ресурстарды пайдалануда ашықтық пен жауапкершіліктің жоғары дәрежесін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл қоғамның мемлекеттік институттарға деген сенімін сақтаудың маңызды аспектісі болып табылады [1].

Корея Республикасында аудитті жүзеге асыруды қадағалауды қаржылық қызметтер жөніндегі Комиссия және қаржылық қадағалау қызметі жүзеге асырады [4]. Бүгінгі таңда Аудит және Инспекция кеңесі Корея Республикасы Президентінің жанындағы Конституциялық агенттік болып табылады, бірақ өз функциялары мен міндеттерін орындау кезінде тәуелсіздігін сақтайды. ВАІ Акт-ке сәйкес Агенттік міндетті және факультативті аудитті жүзеге асырады (қажет болған жағдайда немесе Премьер-Министрдің өтініші бойынша) [3].

Сондай-ақ, Корея Республикасы Конституциясының 4-тарауы, 2-бөлімі, 4-кіші бөлімі аудит және инспекциялар жөніндегі кеңестің мемлекеттің кірістері мен шығыстарының қорытынды шоттарына аудит жүргізу міндетін реттейді. [4]. Акционерлік қоғамдардың сыртқы аудиті туралы Заң және т.б. акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер үшін белгілі бір шарттарға сәйкес келген кезде міндетті аудитті қарастырады.

Аталған нормативтік құқықтық актілерден басқа, Оңтүстік Кореядағы аудит мыналармен реттеледі: Ұлттық жиналыс туралы Заң, мемлекеттік сектордың аудиті туралы Заң, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы азаматтық құқықтар мен басқару жөніндегі комиссия құру Заңы.

Қолданыстағы корейлік аудит стандарттары (KSA) 2004 жылы Халықаралық бухгалтерлер федерациясы шығарған ХАС-на сәйкес Кореяның стандарттар кеңесінің ұсынысы бойынша қабылданды. №3 шығарылым (47)/2022 97 аудит және кепілдік FCC мақұлдауымен. Алайда, бұл стандарттар корей тіліндегі ХАС-ның дәл көшірмесі емес. KSA-да оларды ХАС -дан ажырату үшін ХАС-ға қосымша заңдар мен ережелердің ұлттық талаптары ерекшеленеді. ХАС-ның кейбір абзацтары, мысалы, әр стандарттың "мемлекеттік сектордың перспективалары" және IAS 710 сәйкес көрсеткіштері KSA-да Кореяның құқықтық немесе бухгалтерлік жүйесіндегі айырмашылықтарға байланысты қабылданбайды, бұл жағдайларда ХАС-ның бұл абзацтары анықтама ретінде көрсетіледі [5]. KSA халықаралық деңгейде аудиторлық қызметтердің жоғары сапасына кепілдік беретін ХАС-мен жақындасуға ықпал етеді.

Қытай, Жапония және Оңтүстік Корея сияқты экономикасы жоғары елдерде белгіленген құқықтық база және нақты аудит стандарттары бюджет шығындарын тиімді бақылауға және қоғамның мемлекеттік институттарға деген сенімін арттыруға ықпал етеді. Бұл елдер халықаралық стандарттарды белсенді қолданады, бұл аудиторлық рәсімдердің дәйектілігі мен сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жапония мен Оңтүстік Кореяда бағдарламалардың тиімділігін бағалаудың кешенді тәсіліне баса назар аударылады, одан бөлек Жапония мен Оңтүстік Кореяда аудиторлық органдардың тәуелсіздігінің жоғары деңгейі байқалады, бұл бюджет қаражатын пайдалануды объективті бағалауға ықпал етеді. Ал, Қытай мен Тайваньда бақылау орталықтандырылған және иерархиялық болуы мүмкін, партиялық құрылымдарға қатты тәуелді.

Аудиттің әдістері мен құралдары да әртүрлі: Жапонияда шығындар мен пайданы талдау басым, ал Қытайда фокус тиімділікке азырақ назар аудара отырып, сәйкестікке ауысуы мүмкін.

Экономикалық даму деңгейіне қарамастан, Шығыс Азияның барлық елдері аудитке жаңа технологияларды енгізуге байланысты сын-қатерлерге тап болады. Барлық елдер заманауи технологияларды аудитке біріктіруге тырысады, бірақ енгізу қарқыны мен дәрежесі әртүрлі. Аудит үшін цифрлық платформаларды пайдалану сияқты технологиялық жетістіктер

бақылаудың ашықтығы мен тиімділігіне айтарлықтай әсер етеді. Оңтүстік Корея мұндай технологияларды енгізудің сәтті мысалдарын көрсетуде, ал басқа елдер бұл жолды енді ғана бастады. Технологиялық инновациялар аудит процестерін жақсартудың негізгі факторы болуы мүмкін, бірақ оларды сәтті біріктіру үшін тиісті инвестициялар мен кадрларды даярлау қажет.

Осылайша, Шығыс Азия елдерінде аудиттің тиімділігін арттыру үшін құқықтық базаны жақсартуға, елдер арасында тәжірибе алмасуға және заманауи технологияларды енгізуге ұмтылу маңызды. Бұл қаржылық бақылауды нығайтуға ғана емес, сонымен қатар азаматтардың билікке және оның институттарына деген сенім деңгейін арттыруға мүмкіндік береді, бұл өңірдің тұрақты дамуы үшін аса маңызды болып табылады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Есеп палатасының ресми сайты: Board of Audit of Japan. URL: <https://www.jbaudit.go.jp/english/>
2. Қытай аудит басқармасының ресми сайты: National Audit Office of the People's Republic of China. URL: <https://www.audit.gov.cn/en/>
3. Корея аудит және инспекция кеңсесінің ресми сайты: THE Board of Audit and Inspection of KOREA. URL [https://www.bai.go.kr/bai\\_eng/](https://www.bai.go.kr/bai_eng/)
4. Корея мемлекеттік Заңдарының ресми сайты: Law by classification, The Korean Law Information Center. URL: <https://www.law.go.kr/LSW/eng/%20engLsSc.do?y=12&x=24&menuId=1&query=audit#liBgcolor2>
5. Корея бухгалтерлер институтының ресми сайты: Korean standards on auditing with application guidance for the standards, The Korean Institute of Certified Public Accountants. URL: [http://www.kicpa.org/portal/default/kicpa/gnb/en\\_pc/menu04/menu03.page](http://www.kicpa.org/portal/default/kicpa/gnb/en_pc/menu04/menu03.page)
6. [http://www.kicpa.org/portal/default/kicpa/gnb/en\\_pc/menu04/menu03.page](http://www.kicpa.org/portal/default/kicpa/gnb/en_pc/menu04/menu03.page)

**УДК: 657.631.6**

### **Мировая практика разработки стратегии и концепции развития государственного аудита**

**Жупышева А.О.**

PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,  
г. Астана, Республика Казахстан  
E-mail: aktoty\_nur@mail.ru

**Машаева А.Ж.**

докторант PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,  
г. Астана, Республика Казахстан  
E-mail: ayagoz\_mashaeva@mail.ru

**Аннотация.** Мемлекеттік қаржыны басқаруда ашықтықты қамтамасыз етуге қойылатын жаһандық талаптар мен сын-қатерлер жағдайында аудиттің рөлі тиімді мемлекеттік жүйенің ажырамас бөлігіне айналуға бастады. Бұл мақалада әртүрлі елдердің тәжірибесі негізінде мемлекеттік аудит стратегияларын және тұжырымдамаларын әзірлеу тәсілдерін талдауға арналған. Негізгі бағыттар ретінде аудит органдарының тәуелсіздігі, инновациялық технологияларды қолдану, тиімділікті аудиттеу, ашықтық және қоғамды тарту мәселелері қарастырылады. Алынған деректер негізінде мемлекеттік аудиттің тұжырымдамалық және стратегиялық негіздерін әзірлеуге қатысты қорытындылар мен ұсыныстар берілген.

**Түйінді сөздер:** Мемлекеттік аудит, аудит стратегиясы, даму тұжырымдамасы, халықаралық тәжірибе, аудит тиімділігі, әлемдік практика, аудит әдістемесі, аудит сапа өлшемдері, ашықтық пен есептілік